

Аскарқызы Самал – доктор PhD, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин, Казахский Национальный университет искусств, Республика Казахстан, 010000, г. Астана, проспект Тәуелсіздік, 50, тел.: 8-705-812-60-05, e-mail: samal050191@mail.ru.

Жунусбекова Азиза\* – PhD докторы, бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 13, тел.: 8-777-222-21-57, e-mail: aziza.zhunusbekova@inbox.ru.

Асқарқызы Самал – PhD докторы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ Ұлттық өнер университеті, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 50, тел.: 8-705-812-60-05, e-mail: samal050191@mail.ru.

ӨОЖ 373.2.24

FTAMP 14.35.07

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2023\\_3\\_184](https://doi.org/10.52269/22266070_2023_3_184)

### РЕФЛЕКСИВТІ САНАНЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Карманова Ж.А.\* – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Шкутина Л.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Демисенова Ш.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті КЕАҚ, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Бейсенбекова Г.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақала "рефлексия" "рефлексивті сана", "өзіндік сана" мен "адамгершілік", "адамгершілік мәдениет" ұғымын талдауға бағытталған. Осы терминдердің қалыптасу мәселелерін қарастыратын ғылыми және педагогикалық еңбектерге талдау жасалады. Мектеп жасына дейінгі балаларда рефлексияның қалыптасуы және дамуы туралы ақпарат беріледі. Авторлар ғылымдардың пікірлеріне сүйене отырып, рефлексия ең маңызды психологиялық жаңа білім ретінде баланың жеке бас дамуында алатын орнын сипаттайды. Өзін-өзі тануға деген ерекше қабілетілігінің дамуы ерте жастан басталады яғни, ол осы рефлексияның мектепке дейінгі жастағы балаларда қалыптасуы ру механизміне байланысты екені айтылады. Рефлексия адамның ішкі құрылымына бағытталған процесс ретінде оның өз әрекеттерін түсінуге, бағалауға, қайта бағалауға, өзгертуге көмектеседі. Баланың адамгершілік мәдениеті адамгершілік тәрбиенің діңгегіне орай қалыптасып, оның мәдениеті болуының негізі бола алады. Рефлексивті сана – өзінің ішкі әлемін түсіну және өзіндік жай-күйін сезіну болып табылады. Сондай-ақ баланың бойында адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастырудың бір жолы ретінде адамгершілік рефлексия компоненттерін ашып көрсетеді. Мақалада тақырыптың өзектілігі рефлексивті сананың мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің дамуына ықпалы теориялық – практикалық тұрғыдан талданады.

**Түйінді сөздер:** адамгершілік, адамгершілік мәдениет, рефлексия, рефлексивті сана, өзіндік сана.

### ВЛИЯНИЕ РЕФЛЕКСИВНОГО СОЗНАНИЯ НА РАЗВИТИЕ ПРАВСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ ДОШКОЛЬНИКОВ

Карманова Ж.А.\* – доктор педагогических наук, доцент, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, НАО Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Шкутина Л.А. – доктор педагогических наук, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, НАО Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Демисенова Ш.С. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии КРУ им.А.Байтұрсынова, г. Костанай, Республика Казахстан.

Бейсенбекова Г.Б. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, НАО Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Данная статья направлена на анализ понятий "рефлексия", "рефлексивное сознание", "самосознание", "нравственность", "нравственная культура". Проведен анализ научных и педагогических работ, посвященных проблемам формирования данного термина. Дается информация о формировании и развитии рефлексии у детей дошкольного возраста. Авторы, опираясь на мнения ученых, описывают место, которое рефлексия занимает в личностном развитии ребенка как важнейшее психологическое новообразование. Развитие особой способности к самопознанию начинается в раннем возрасте, то есть говорят, что оно связано с механизмом формирования этой рефлексии у детей дошкольного возраста. Нравственная культура ребенка может формироваться в зависимости от основы нравственного воспитания и служить основой его существования. Рефлексия как процесс, направленный на внутреннюю структуру человека, помогает понять, оценить, переоценить, изменить его собственные действия. Рефлексивное сознание – это также осознание своего внутреннего мира и осознание своего собственного состояния. Также, раскрываются компоненты нравственной рефлексии как одного из путей формирования у ребенка признаков нравственной культуры. Актуальность темы заключается в анализе влияния рефлексивного сознания на развитие нравственной культуры дошкольников с теоретико – практической точки зрения.

**Ключевые слова:** нравственность, нравственная культура, рефлексия, рефлексивное сознание, самосознание.

#### THE INFLUENCE OF REFLEXIVE CONSCIOUSNESS ON THE DEVELOPMENT OF MORAL CULTURE OF PRESCHOOLERS

Karmanova Zh.A.\* – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University NLC, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Shkutina L.A. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University NLC, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Demissenova Sh.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Pedagogy and psychology department, A.Baytursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Beisenbekova G.B. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University NLC, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

This article aims at analyzing the concept of "reflection", "reflexive consciousness", "self-awareness", "morality", and "moral culture". The analysis of scientific and pedagogical works devoted to the problems of the formation of this term is carried out. Information is given on the construction and development of reflection in preschool children. The authors, relying on the opinions of scientists, describe the place that reflection occupies in the personal development of a child as the most crucial psychological renewal. The development of a special ability to self-knowledge begins at an early age, that is, it is said that it is associated with the mechanism of formation of this reflection in preschool children. The moral culture of a child can be formed depending based on moral education and serve as the basis of its existence. Reflection as a process aimed at the internal structure of a person helps to understand, evaluate, re-evaluate, and change his actions. Reflexive consciousness is also awareness of one's inner world and awareness of one's state. Also, the components of moral reflection are revealed as one of the ways of forming signs of child's moral culture. The relevance of the topic lies in analyzing the influence of reflexive consciousness on the development of the moral culture of preschoolers from a practical and theoretical point of view.

**Key words:** morality, moral culture, reflection, reflexive consciousness, self-awareness.

**Кіріспе.** Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудағы басты міндет – жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беру. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бекітілді онда, мәдени-элеуметтік нормаларға баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру қажеттігі айтылды [1]. Осыған орай, рефлексивті сананың мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің дамуына әсерін зерттеу қажеттілігі заңдылық десек те, педагогикалық практика мәнмәтіндегі мектеп жасына дейінгі балаларда рефлексияның даму мәселесін былайша нақтылауға болады: мектепке дейінгі жастағы балаларда рефлексияның дамуының оңтайлы әдістері мен шарттары қалыптасуы тиіс. Бүгінгі күні психологиялық ғылым мен

педагогикалық практикада зерттеулер жүргізілуде, соның негізінде балалық шақ, баланың дамуы, оның мүмкіндіктері туралы түсініктер өзгерген. Баланың субъективтілігі мен бастамашылығын дамытуға бағытталған мектепке дейінгі тәжірибелер пайда болды. Бұндай қасиеттерді қалыптастыру және бағалау өте қиын. Балаға көмектесетін, оның дамуына бағыт беретін ортаны қалай құруға болады. Бұл мәселе жаңа емес, бірақ та ол, осы кезде өте өткір деуге болады. Баланың дамуын бағалау кезінде оның нәтижелеріне көбірек көңіл бөлінеді. Тек бұл кезде нәтижелерге қол жеткізу процесі тәрбиешілер мен ата-аналардың назарынан тыс қалып отыр. Осы жағдайда баланың дамуын бағалаудағы өте маңызды сапа рефлексия болып саналады, ол тек процеске бағытталған.

Алайда, адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымына сәйкес айтылады. Адамгершілік тәрбиенің негізгі міндеттері адамгершілік қасиеттерін, ересек адамдармен, балалармен өзара қарым-қатынас орната білу қабілетін дамыту; сезімі мен істеген амалдарын үйлесімді көрсете білу және басқару; тәртіп мәдениетін тәрбиелеу, адамгершілік сананы (талдау, бағалау) қалыптастыру болып табылады [2, б.96]. Адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу – білім беру үрдісінде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл, ең алдымен, мақсатты және жүйелі педагогикалық процесс бола тұра, мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту және тәрбие формалары, әдістері, құралдары арқылы баланың адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың іргелі негізі болмақ. Осы мәселенің өзектілігі қазіргі мектепке дейінгі білім берудің мазмұны баланың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға жеткіліксіз бағытталғандығында. Бірақ бұл, мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі тануы, өзін-өзі оң қабылдауын, өзін-өзі жүзеге асыруға шығармашылығын қалыптастыратын бағыт адамгершілік мәдениет. Білім берудің қолданыстағы мазмұны адамгершілік мәдениеттің жекелеген аспектілерін немесе мазмұнымен шындалатын жеке бөліктерді қамтиды. Бұндай мәселені шешудің кешенді тәсілін қамтамасыз ете алмайды, тек ол баланың «өз өмірі мен іс-әрекетіндегі күйі, өз-өзіне бағдарлау қабілеті» немесе «тұлғалық мәдениетінің базисі» ұғымының тұтастығын құрайды. Демек, оның қалыптасуының сезімтал кезі мектепке дейінгі жас шамасы. Жеке даму мен өзін-өзі дамытудың өзегі адамның өзін және қоршаған әлемді сәтті түсінуі үшін қажет рефлексия екендігін атап өтуіміз керек. Рефлексия ең маңызды психологиялық жаңарыс ретінде баланың жеке басын сипаттауға мүмкіндік береді. Өзін-өзі тануға деген ерекше қабілетілігінің дамуы ерте басталады, яғни рефлексияны мектепке дейінгі жастағы балаларда қалыптастыру механизміне сәйкес құрылады. Мектепке дейінгі тәжірибеде рефлексиялық әдістер (өзін-өзі бағалау, интроспекция, өзін-өзі есеп беру және т.б.) ерекше орын алады. Мұндай әдістер баланың өзін-өзі дербес дамытуға ынталандырады және жеке тұлғаға бағытталған. Ол жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар туындаған мәселелерді шешуде қайшылықтарды анықтауға және жеңуге мүмкіндік береді.

**Материалдары мен әдістері.** Рефлексия, рефлексивті сана, өзіндік сана ұғымдарын ашып көрсететін зерттеулердің теориялық әдістерін басшылыққа ала отырып, ғылыми дерек көздерімен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы және зерттеу нәтижелерін өңдеудің математикалық, статистикалық әдістері.

**Нәтижелер мен талқылау.** Қазіргі педагогика ғылымы егер адам рефлексия жасамаса, ол білім беру процесінің субъектісі рөлін атқара алмайды деп санайды. Осы күнгі педагогикада рефлексияны – іс-әрекеттің және оның нәтижелерінің интроспекциясы деп түсіндіріледі. Рефлексияның болмауы – бұл адамның дамуындағы өзгерістерге емес, тек іс-әрекет процесіне бағытталғандығының көрсеткіші болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, рефлексияның алғашқы көріністері мектеп жасына дейінгі балаларда байқалады. Осы жастың алғашқы жылдары балалар әлі де болса рефлексивті емес екені анық. Ж. Пиаже баланың ойлауының эгоцентризм феномені мен оның эгоцентристік сөйлеуі, оның психологиялық мәні баланың өз көзқарасын басқа адамдардың көзқарасымен байланыстыра алмауынан тұрады немесе оның орталықсыздандыруға қабілетсіздігіне байланысты деген тұжырымын айтуға болады [3, б.59]. Бірте-бірте баланың одан әрі әлеуметтену механизмі оның басқа адамдармен, ертегі мен қиялдағы кейіпкерлермен сәйкестендіру қабілетіне айналады. Сәйкестендіру арқылы ол өзінің жеке қасиеттерін дамытатын этикалық стандарттардың көпшілігін біледі. Өзіне осы бейнені бере отырып, бала сол арқылы өзін-өзі тани бастайды, мұндай мінез-құлық стандарты мен оның мінез-құлқы туралы түсінігін салыстыруға мүмкіндік береді. Өзінің адамгершілік болмысын эталонмен және басқа адамдардың «менімен» байланыстыру балаға үлкен эмоционалды және психологиялық стресстің тууына әкеледі десек онда, ол оның рефлексивті қабілеттерінің дамуының бастамасы, – деген болатын В.С. Мухина [4]. Үш жылдан кейін барып рефлексияның дамуы барлық бағытта жүре бастайды, бала жеке басының өзін-өзі растауы, оның танымдық, аффективті және ерік-жігерінің одан әрі жинақталуы, өзін-өзі бағалаудың жеткілікті артуымен көрінеді. Баланың өзін және басқа адамды терең және жан-жақты тану дағдыларының қалыптасу дәрежесі болып табылады. Баланың санасы және оның өзі рефлексиялық деңгейлер арқылы кезең-кезеңімен дамиды.

Рефлексивті сана – бұл өзінің ішкі әлемін түсіну және өздік жай-күйінің бейнесін құру қабілетіне қол жеткізген болмыстың (адамның) сана-сезімін дамытудың белгілі бір деңгейі. Рефлексия – субъектінің өзімен жұмыс істеу процесі болып табылады [5, б.252-255].

М.К. Мамардашвили рефлексияны интроспекциямен қатар өзінің психикалық ерекшеліктерін, рухани және адамгершілік дамуын терең түсіну мүмкіндігі ретінде анықтайды деген болатын [6, б.34].

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік туралы түсініктеріне қызығушылық екі себеп бойынша маңызды: біріншісі, бұл мектепке дейінгі жас адамгершілік түсініктерді қалыптастыруға сензитивті кезең болса, екіншісі: мектепке дейінгі жастағы балаларда адамгершілік түсініктерді тез игеруге өте икемді, өзгеруге бейім болуында. Баланың дәл осындай түсініктері адамгершілік туралы қарапайым ұғымдарды жалпылауға әкелуі мүмкін. Оған достық, өзара көмек, сыпайылық және т.б. жатады. Адамгершілік түсініктерді мектеп жасына дейінгі балалар өз іс-әрекеттерінің мазмұнына қарай қажеттілігін жақсы түсінеді, әр түрлі нормалар мен талаптарды орындайды. Бұның бәрі болашақта оның мінез-құлқын адамгершілік тұрғыдан бағалауға көмектеседі [7, б.70-73]. Адамгершілік рефлексия компоненттеріне жатады: – білім (адамгершілік түсініктері мен ұғымдары); – сезім – ішкі уайым, жан, рух жұмысы – жүрек, ақыл мен ерік, адамгершілік кейіпінің өзгеруі, мәдени, әлеуметтік және рухани дамуға ұмтылысы; – қылық – адамгершілік жаттығуларын орындау (белгілі бір жағдайды адамгершілікпен таңдай алу); – әрекет ету – өзінің әлеуметтік тәжірибесін біртіндеп жинақтауы. Адамгершілік тәрбиенің мазмұны тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру негізі болып табылады [8, б.15]. Адамгершілік тәрбиенің нәтижелері адамгершілік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді яғни, тұлғаның қоғам мәдениетін қабылдау дәрежесі, адамгершілікке жататын ізгілік нормалар мен адамгершілік қағидалары туралы білу деңгейі, олардың мінез-құлқының осы талаптарға бағынуына бағыттайды [9, б.12].

Сонымен, әдебиеттерді теориялық талдау бізге рефлексивті сананың мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің дамуына ықпалын анықтау үшін бізге оның критерийлері мен көрсеткіштерін өңдеу арқылы оның өлшемдік жүйесін қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл жүйе күтілетін нәтижені болжап қана қоймайды, сонымен қатар оны өлшейді. Ол кесте – 1 берілген.

Кесте 1 – Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің дамуын өлшеу жүйесі

	Критерийлер	Көрсеткіштер	Деңгейлері		
			Жоғары	Орташа	Төмен
Рефлексивті сана	Адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдау, өзіндік бағалау және өзіндік түзету	Адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысады	Адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырысады	Адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге жай ғана тырысады	Адамгершілік мәдениет белгілерін өзіндік талдауға, өзіндік бағалауға және өзіндік түзетуге тырыспайды

Зерттеуге мектеп жасына дейінгі балалар бойынша 52 бала, оның ішінде, бақылау тобына 27 бала, эксперименталды тобына 25 бала қатысты. Зерттеуіміздің мақсатына орай, зерттеу әдістемелері іріктелініп алынды. Яғни, Р.С. Немовтың «Бала айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста қандай?» әдістемесі, бұл әдістеме мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қарым-қатынас қасиеттерін эксперттік бағалауға арналған сауалнамадан тұрады. Р.С. Немовтың «Мен қандаймын» әдістемесі бойынша балаға А бағанындағы 10 жағымды және Б бағанындағы 10 жағымсыз адамгершілік мәдениет белгілердің қайсысы өз бойынан табылатынын таңдау ұсынылды [10, б.123-125].

Осылайша, біз анықтаушы, қалыптастыру, бақылау сияқты зерттеу кезеңдерін ұйымдастыру арқылы, зерттеу нәтижесін алдық. Кесте – 2 берілді.

Кесте 2 – Анықтаушы эксперименттің нәтижесі

Зерттелінуші	Деңгейлері					
	Жоғары		Орташа		Төмен	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Мектеп жасына дейінгі балалар	5/18,5%	3/12%	7/26%	7/28%	15/55,5%	15 /60%

Сонымен, балалардың кейбір сұрақтарға жауаптарынан (мысалы: тілалғыш) өзін-өзі бағалауының адекватты екенін сипаттайды. Егер, мысалы барлық сұрақтарға «иә» жауаптарымен қатар, бала өзін «әрдайым тілалғыш», «әрқашан ұқыпты» деп мәлімдесе, онда ол әрқашан өзіне-өзі сын көзбен қарайды деп болжауға болады.

Қалыптастыру кезінде балалармен әр қилы ойындар, жаттығулар жүргізілді. Сол арқылы балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін өздігінен талдау, өзіндік бағалау және өзіндік түзетуге бейімдеу көзделді.

Бақылау кезеңінде біз бастапқы кезде немесе анықтау кезеңінде қолданылған диагностикалық материалдар қолданылды. Оның нәтижесі төмендегідей көрсеткіш көрсетті. Кесте – 3 берілді.

Кесте 3 – Қорытынды эксперименттің нәтижесі

Зерттелінуші	Деңгейлері					
	Жоғары		Орташа		Төмен	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Мектеп жасына дейінгі балалар	9/33,3%	8/32%	13/48,2%	13/52%	5/18,5%	4/16%

Адамгершілік мәдениет белгілерінің рефлексивтік сананың қалыптасуы, яғни балалардың «Мен қандаймын» әдістемесі бойынша А және Б бағандарындағы өз бойында бар жағымды және жағымсыз адамгершілік мәдениет белгілерін таңдауына сәйкес өзін-өзі бағалауы нәтижесінде,  $K_1 \geq 0,4$ ,  $K_2 \leq 0,5$  болып, БТ қарағанда ЭТ балаларының өзін-өзі бағалаулары адекватты орташа деңгейге көтерілді. ЭТ балаларының көрсеткіштерін БТ балаларының көрсеткіштерімен салыстырғанда рефлексивтік компонент деңгейі жоғарылады. ЭТ балалары өздерінің адамгершілік мәдениетін объективті түрде бағалай бастады, одан кейін өзін-өзі талдау мен өзін-өзі түзету үшін мазмұнды әрекеттер жасалды. «Айналасындағылармен қарым-қатынаста бала қандай» әдістемелесі бойынша балалардың басым көпшілігінде адамгершілік мәдениет негіздерінің рефлексивтік сананың қалыптасу деңгейі жағымды динамикада еместігі айқындалды. ЭТ балаларының рефлексивті сананың жоғары деңгейі БТ балаларымен салыстырғанда 0,2% жоғары. ЭТ балаларының рефлексивтік сананың деңгейі БТ балаларымен салыстырғанда жоғарылады. ЭТ балалары өздерінің бойындағы адамгершілік мәдениет белгілерін объективті бағалай бастады.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, біз мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілік мәдениетіне әсер ететін рефлексивті сананың қалыптасуы кезең-кезеңімен жүреді деп айта аламыз. Дайындық кезеңінде балалар мінез-құлық нормалары мен ережелерін түсінеді, үйренеді "Не жақсы? Не жаман?". Рефлексия – бұл белгіленген критерийлер бойынша нәтижені түзетуге сәйкес түпкі ойына қол жеткізуге мүмкіндік беретін циклдік процесс. Рефлексия – балаға өз жолын "көруге", оның қатемен байланысын, ондағы нені өзгерту керектігін түсінуге және жаңа жолды құруға мүмкіндік беретін процесс. Рефлексия баланың ішкі құрылымына бағытталған процесс ретінде оның әрекеттерін түсінуге, бағалауға, қайта бағалауға, өзгертуге және оның стратегияларын жақсартуға көмектеседі.

Рефлексияның көріну кезеңінде балаларда адамгершілік нормалары мен ережелерін өзіндік мінез-құлық стандарттары ретінде түсіну және иемдену, оларды өз іс-әрекетіне көшіру жүреді. Өзіне деген оң көзқарас қалыптасады, мінез-құлық құзыреттілігі қалыптасады, бұл балаға адамгершілік таңдау жағдайында бар тәжірибеге сәйкес әрекет етуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесіне орай, рефлексия тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді, туындаған мәселелерді шешудегі қайшылықтарды анықтауға және жеңуге мүмкіндік береді, сондықтан ересектерден оны қалыптастыру мен дамытуды қажет етеді.

**Ризашылық білдіру.** Зерттеуді қаржыландырған Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (Грант АР14870561).

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығының қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы».** – Астана, 2022. [Электрондық ресурсы]: [http://zerenda.aqmoedu.gov.kz/public/files/2022/11/3/031122\\_173233\\_1-tupr-kaz-utv.pdf](http://zerenda.aqmoedu.gov.kz/public/files/2022/11/3/031122_173233_1-tupr-kaz-utv.pdf).

2. **Аубакирова, С.Д., Жомартова, А.Д. Мектепке дейінгі педагогика** [Мәтін]: оқу құралы / С.Д. Аубакирова, А.Д. Жомартова. – Нұр-Сұлтан: Туран-Астана, 2018. – 117 б.

3. **Оспанбекова, М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау** [Мәтін]: док. PhD... дис.: 6D010200 / М.Н. Оспанбекова. – Алматы, 2018. – 192 б.

4. **Чехонадская, М.С. Развитие рефлексии у детей дошкольного возраста** / М.С. Чехонадская. [Электронный ресурс]: <https://nsportal.ru/detskii-sad/korrektsionnaya-pedagogika/2017/10/20/razvitie-refleksii-u-detey-doshkolnogo-vozrasta>.

5. Гриценко, Н.М., Строкова, Т.А., Мурачева, С.В. Развитие рефлексии у детей дошкольного возраста как теоретическая проблема / Н.М. Гриценко, Т.А. Строкова, С.В. Мурачева // Молодой ученый. – 2021. – № 13 (355). – 252-255 б.
6. Чекина, Л.В. Психология развития [Мәтін]: учебное пособие / Л.В. Чекина. – СПб: Лань, 2022. – 208 б.
7. Жиенбаева, С.Н. Мектепке дейінгі педагогика [Мәтін]: оқу құралы / С.Н. Жиенбаева. – Алматы: Ғылым, 2018. – 269 б.
8. Галигузова, Л.Н. Дошкольная педагогика [Мәтін] / Л.Н. Галигузова. – М.: Юрайт, 2020. – 254 б.
9. Меремьянина, О.Р. Формирование рефлексивного компонента нравственной и психологической культуры старших дошкольников в условиях реализации структурно-функциональной модели [Мәтін]: автореф. дисс... кандидата пед.наук: 13.00.01 / О.Р. Меремьянина. – Барнаул, 2003. – 24 б.
10. Немов, Р.С. Психология. Книга 3. Психодиагностика [Мәтін] / Р.С. Немов. – М.: ВЛАДОС, 2001. – 640 б.

## REFERENCES:

1. **Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylygy 14 kazandagy №422 bujrygynyn kosymshasyna sajkes «Mektepke dejingi tarbie men okytudyn ulgilik oku bagdarlamasy** [Appendix to the order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan №422 dated October 14, 2022 «Exemplary curriculum of preschool education and training]. Astana, 2022, available at: [http://zerenda.aqmoedu.gov.kz/public/files/2022/11/3/031122\\_173233\\_1-tupr-kaz-utv.pdf](http://zerenda.aqmoedu.gov.kz/public/files/2022/11/3/031122_173233_1-tupr-kaz-utv.pdf). (In Kazakh)
2. **Aubakirova S.D., Zomartova A.D. Mektepke dejingi pedagogika** [Preschool pedagogy]. Nur-Sultan, Turan-Astana, 2018, 117 p. (In Kazakh)
3. **Ospanbekova M.N. Bolashak bastauysh synyp mugalimderin innovaciyalık tehnologiyalar negizinde okushylardyn refleksiya syn damytuga dayarlaw** [Training future primary school teachers to develop student reflection based on innovative technologies]. PhD thesis, Almaty, 2018, 192 p. (In Kazakh)
4. **Chehonadskaya M.S. Razvitie refleksii u detej doshkol'nogo vozrasta** [Development of reflection in preschool children]. Available at: <https://nsportal.ru/detskii-sad/korrektcionnaya-pedagogika/2017/10/20/razvitie-reflexii-u-detey-doshkolnogo-vozrasta>. (In Russian)
5. **Gritsenko N.M., Strokovaya T.A., Muracheva S.V. Razvitie refleksii u detej doshkol'nogo vozrasta kak teoreticheskaya problema** [Development of reflection in preschool children as a theoretical problem]. *Molodoj uchenyj*, 2021, no.13 (355), pp. 252-255. (In Russian)
6. **Chekina L.V. Psihologiya razvitiya** [Developmental psychology]. Saint-Petersburg, Lan, 2022, 208 p. (In Russian)
7. **Zhienbaeva S.N. Mektepke dejingi pedagogika** [Preschool pedagogy]. Almaty, Gylym, 2018, 269 p. (In Kazakh)
8. **Galiguzova L.N. Doshkol'naya pedagogika** [Preschool pedagogy]. Moscow, Yurajt, 2020, 254 p. (In Russian)
9. **Meremyanina O.R. Formirovanie reflektivnogo komponenta npravstvennoj i psihologicheskoy kul'tury' starshih doshol'nikov v usloviyah realizcii strukturno-funkcional'noj modeli** [The formation of the reflexive component of the moral and psychological culture of senior preschoolers in the context of the structural-functional model implementation]. Abstract of PhD thesis, Barnaul, 2003, 24 p. (In Russian)
10. **Nemov R.S. Psihologiya. Kniga 3. Psihodiagnostika** [Psychology. Book 3. Psychodiagnostics]. Moscow, VLADOS, 2001, 640 p. (In Russian)

## Авторлар туралы мәліметтер:

*Карманова Жанат Алпысқызы\** – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 100026, Қарағанды қ., Құрлысшылар 13, тел.: 87003026327, e-mail: [karmanovazh@mail.ru](mailto:karmanovazh@mail.ru).

*Шкутина Лариса Арнольдовна* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 100026, Қарағанды қ., Гүлдер 1, тел.: 87013955493, e-mail: [arlarisa@yandex.ru](mailto:arlarisa@yandex.ru).

*Демисенова Шнар Сапарқызы* – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ, Тәуелсіздік көшесі, 118, тел.: 87783098498, e-mail: [Shnar@mail.ru](mailto:Shnar@mail.ru).

Бейсенбекова Гүлмира Бекінқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 100029, Қарағанды қ., Көгілдер тоған ш.а. 4а, тел.: 87026322768, e-mail: gulmira.beysenbekova@mail.ru.

Карманова Жанат Алпысовна\* – доктор педагогической наук, доцент, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, НАО «Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова», Республика Казахстан, 100026, г. Караганда, Строителей 13, тел.: 87003026327, e-mail: karmanovazh@mail.ru.

Шкутина Лариса Арнольдовна – доктор педагогической наук, профессор, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, НАО «Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова», Республика Казахстан, 100026, г. Караганда, ул. Гульдер 1-13, тел.: 87013955493, e-mail: arlarisa@yandex.ru.

Демисенова Шнар Сапаровна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии, НАО «Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова», Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Тауелсиздик 118, тел.: 87783098498, e-mail: Shnar@mail.ru.

Бейсенбекова Гүлмира Бекиновна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, НАО «Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова», Республика Казахстан, 100029, г. Караганда, мкр. Голубые пруды 4а, тел.: 87026322768, e-mail: gulmira.beysenbekova@mail.ru.

Karmanova Zhanat Alpyssovna\* – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University NLC, Republic of Kazakhstan, 100026, Karaganda, 13 Stroiteli Str., tel.: 87003026327, e-mail: karmanovazh@mail.ru.

Shkutina Larissa Arnoldovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University NLC, Republic of Kazakhstan, 100026, Karaganda, 1 Gulder Str., tel.: 87013955493, e-mail: arlarisa@yandex.ru.

Demissenova Shnar Saparovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Pedagogy and psychology department, A.Baytursynov Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 118 Tauelsizdik Str., tel.: 87783098498, e-mail: Shnar@mail.ru.

Beisenbekova Gulmira Bekinovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University NLC, Republic of Kazakhstan, 100029, Karaganda, 4a Golubye Prudy micro district, tel.: 87026322768, e-mail: gulmira.beysenbekova@mail.ru.

SRSTI 14.29.23

UDC 37.015:373.2

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2023\\_3\\_190](https://doi.org/10.52269/22266070_2023_3_190)

## **PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR MANAGING STRESS OF PRESCHOOL CHILDREN**

Karmanova Zh.A. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan.

Tuganbekova K.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of special and inclusive education, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan.

Sadvakassova N.A.\* – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of special and inclusive education, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan.

The article is devoted to stressful conditions that cause serious disorders in the body in children: both physically and mentally. Therefore, there is a need to create psychological and pedagogical conditions for managing the stressful conditions of children in educational activities, communication with parents, adults and peers. In modern life, preschool children are constantly faced with stressful situations. They are associated with minor everyday problems, tense family relationships, etc. In this regard, the purpose of this study is to determine the pedagogical conditions for managing stress conditions in preschool children.

Particular attention is paid to the importance of improving pedagogical conditions for preschool children to deal with the effects of stress, which determined the need for new approaches in the selection of methods to solve this problem. The results of a survey of parents of children aged 3 to 5 years are analyzed, which makes it possible to note the destructive impact of stressful situations on the personality of children. Various forms of communication are recommended as pedagogical conditions for managing the stressful state of preschool children.